

«Жамбыл атындагы шағын жинакты жалпы білім беретін мектеп» ККМ

«ӘБ отырысында каралды»
Хаттама №1 ӘБ жетекшісі:

« 7 » 09 2023 ж
А. Аргынбай

«Келісімін»
М. Д. Сағымжанов

« 7 » 09 2023 ж
Р. Сағымжанов



**Жамбыл атындагы шағын жинакты
жалпы білім беретін мектебінің
10- сыныбында
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
іске асырудагы
2023-2024 оқу жылына арналған
іс-шаралар жоспары**

10 Сынып жетекшісі: Аргынбай Акбаян Қайратқызы

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
Мемлекеттік қузырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған**

КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НУСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толықанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатан қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қалдыруға, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен адалдық қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
5. Денсаулықты қалдыруға, салуатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
6. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ❖ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қалдырады.
- ❖ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ❖ Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенгеқұрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- ❖ Жан мен гөн тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ❖ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған

жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

1. Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
2. Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
3. Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
4. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
5. Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
6. Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
7. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
8. Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- ❖ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ❖ Мемлекеттік рәміздерді қаірлейді
- ❖ Елінің тарихын құрметтейді
- ❖ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- ❖ Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

1. Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
2. Адал еңбекті құрметтеу;
3. Сөзіне берік, ісіне адал болу;
4. Халқына адал қызмет ету;
5. Әлеп нормаларын ұстану;
6. Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
7. Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
8. Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- ❖ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ❖ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ❖ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ❖ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ❖ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап кундылыгы:

1. Сын және креативті ойлау;
2. Жеке және командамен жұмыс істей білу;
3. Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
4. Физикалық белсенді болу;
5. Салауатты өмір салтына үйрену;
6. Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
7. Дұрыс қарым-қатынас орнатуға білу;
8. Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- ❖ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ❖ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ❖ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- ❖ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- ❖ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылым:

- ❖ бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- ❖ балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жасқа дейінгі балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- ❖ балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- ❖ балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнe психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саяқұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейістік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жаураулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылланду, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың қолын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

алал еибекті жоғары бағалауға, еибек адамның құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарларын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

1. балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
2. білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әлістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әлістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқытушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

1. тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
2. тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
3. тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
4. тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.
5. Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері;
6. салауатты өмір салтына ынталандыру;
7. сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
8. білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
9. ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық конференциялар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
10. білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
11. аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
12. Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
13. Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: *Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылатын мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, оңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.*

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ✓ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- ✓ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- ✓ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
- ✓ Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
- ✓ Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- ✓ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
- ✓ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы Ассамблеясы
- ✓ Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- ❖ 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- ❖ 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- ❖ Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	жауапты маман
1	1 қыркүйек - білім күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	Сынып сағаты	01.09.2023	Сынып жетекші
2	Ұлы даланың – ұлт аралық тілі	Сынып сағаты	04.09.2023	Сынып жетекші
3	Әке - бәйтерегім, ұлым - мұрагерім	Сынып сағаты	11.09.2023	Сынып жетекші Психолог
4	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	Сынып сағаты	18.09.2023	Сынып жетекші
5	Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл.	Сынып сағаты	25.09.2023	Сынып жетекші

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- ❖ 1 қазан - Қарттар күні
- ❖ 5 қазан – Мұғалімдер күні
- ❖ 25 қазан – Республика күні
- ❖ Алаш журттының әйелі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Копеевтің туғанына 165 жыл.
- ❖ Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- ❖ Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- ❖

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	жауапты маман
1	Қарты бар ел- қазыналы ел! Ұстаз - ұлы тұлға!	Сынып сағаты	02.10.2023	Сынып жетекші
2	Мектеп оқушылары арасында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау	Сынып сағаты	09.10.2023	Сынып жетекші
3	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	16.10.2023	Сынып жетекші
4	25-қазан Республика күні «Менің елім – Қазақстаным» М.Жұмаевтің туғанына 130ж.	Сынып сағаты	23.10.2023	Сынып жетекші

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

❖ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты маман
1	«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты	06.11.2023	Сынып жетекші
2	«Мейірімділік керуені» форумы	Сынып сағаты	13.11.2023	Сынып жетекші
3	«Жас Сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі	Сынып сағаты	20.11.2023	Сынып жетекші
4	«Өнегелі өмір» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	27.11.2023	Сынып жетекші

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

❖ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

❖ Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты маман
1	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	Сынып сағаты	04.12.2023	Сынып жетекші Мектеп медбикесі
2	«Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбелі адам жасаран» жобасы)	Сынып сағаты	11.12.2023	Сынып жетекші
3	«Женісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	18.12.2023	Сынып жетекші
4	Дөңгелек үстелдер, әнгімелер шенберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру «Тоғыз айға тоғыз шара», «Торт тоқсанға торт шара» жобалары	Сынып сағаты	25.12.2023	Сынып жетекші

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

- ❖ Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты маман
1.	Туған өлке акындарының шығармалары Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл.	Сынып сағаты	08.01.2023	Сынып жетекші
3.	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	15.01.2023	Сынып жетекші
4.	«Қыз намысы – ұлт намысы»	Сынып сағаты	22.01.2023	Сынып жетекші
13	«Ұлы өнер тапқыштыққа алғашқы қадам»	Сынып сағаты	29.01.2023	Сынып жетекші

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

- ❖ Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- ❖ Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жырышы Жамбыл Жабаевтің туғанына 177 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты маман
1.	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың казығы»	Сынып сағаты	05.02.2023	Сынып жетекші
9.	«Тарихқа тағзым» С.Көбеевтің туғанына 145 жыл	Сынып сағаты	12.02.2023	Сынып жетекші
13	Сабырлылық – асыл қасиет	Сынып сағаты	19.02.2023	Сынып жетекші
14	«Өзінді мамандықтарәлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	26.02.2023	Сынып жетекші

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ АЙЫ

- ❖ 1 наурыз – Алғыс айту күні
- ❖ 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- ❖ 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- ❖ 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні
- ❖ Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты маман
1	«Табысты тұлға» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	04.03.2023	Сынып жетекші
2	«Жарқ ете қалсам, найзағай болып...» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты	11.03.2023	Сынып жетекші
3	Наурыз - берекем, Наурыз - мерекем!	Сынып сағаты	18.03.2023	Сынып жетекші

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

- ❖ 12 сәуір - Ғылым күні
- ❖ Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәжірім Күдәйбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты маман
1	«Достық – көмекпен мықты» Ш.Күдәйбердіұлының туғанына 165 жыл	Сынып сағаты	01.04.2023	Сынып жетекші
2	Ғарышты бағындырған батырлар	Сынып сағаты	08.04.2023	Сынып жетекші
3	«Тіімді әрі пайдалы тамақтану негізі»	Сынып сағаты	15.04.2023	Сынып жетекші
4	«Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер	Сынып сағаты	22.04.2023	Сынып жетекші
5	«Сөз қадірі – өз қадірің»	Сынып сағаты	29.04.2023	Сынып жетекші

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- ❖ 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- ❖ 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- ❖ 9 мамыр-Жеңіс күні
- ❖ 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- ❖ Ақын, жазушы, философ, тарихшы, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты маман
2.	Бірлік – бақыттың бастауы 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні	Сынып сағаты	06.05.2023	Сынып жетекші
3.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні 9 мамыр-Жеңіс күні	Сынып сағаты	13.05.2023	Сынып жетекші
4.	Өзекті өртер шындық 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні	Сынып сағаты	20.05.2023	Сынып жетекші